



Тақырыбы:

Әлемдік экономика



Оқытушы: Жазира Смағұлова



Сабақтың мақсаты:

Тыңдаушы-
ларға
экономика
туралы түсінік
беру

Жаңа
тақырып
бойынша
лексикалық
қормен
таныстыру

Тіл мәртебесі
мен маңызын
насихаттау



ТЫҢДАЛЫМ



***Сабағымызды бастамас бұрын
бейнероликке назар аударайық!***



You Tube

<https://www.youtube.com/watch?v=0Nj6mRU4N5c>

Экономика сабақтары



ЖАЗЫЛЫМ



1. Синонимдерді сәйкестендіріңіз.

I	
1	ақша
2	оңтайлы
3	өркендеу
4	жуық
5	тегін
6	кішкентай

II	
A	даму
Ә	ақысыз
Б	тиімді
В	қаржы
Г	жақын
Ғ	шағын



АЙТЫЛЫМ



2. Сөз тіркестерінің сыңарларын сәйкестендіріп, айтыңыз.

1	өмір	әкеледі	
2	ішкі	сайын	
3	табыс	көрсеткіш	
4	жыл	байлық	
5	табиғи	өнім	
6	орташа	сүру	



ЖАЗЫЛЫМ



3. Бос орынға тиісті сөзді қойыңыз

1. Ресейден кейінгі _____ орында.
2. Экономикасы өте жақсы _____ .
3. Мемлекетте медицина _____ тегін.
4. Еуропа Одағындағы ең дамыған _____ .
5. Үкімет мануфактурасы _____ – жылға өркендеуде.
6. Германияда кедейлік _____ төмен.

Мемлекет, деңгейі, қызметі, жылдан, екінші, дамыған



ЖАЗЫЛЫМ



4. Бос орынға мағынасы сәйкес келетін сөздерді жазыңыз.

1. Адамзат үшін «жасыл» экономикаға _____ міндетті болып отыр. *(не істеу?)*
2. Қазақстанда қоқыс өңдеуші кешендердің _____ басталды. *(несі?)*
3. АҚШ-та баламалы энергетиканы _____ жолға қойылған. *(не істеу?)*



ОҚЫЛЫМ




5. Мәтінді оқыңыз

ДАМЫҒАН МЕМЛЕКЕТТЕР ЭКОНОМИКАСЫ



Ирландияда білім, сауаттандыру стандарты, орташа өмір сүру көрсеткіштері жоғары. Жалпы ішкі өнімі \$203.89 млрд, жан басына шаққанда \$45 497 болады. Әлемде ел экономикасы бойынша 7 орында тұр.



ОҚЫЛЫМ



Жаңа Зеландия – бірнеше аралдың қосындысынан құралған кішкентай мемлекет. Жалпы ішкі өнімі әр адамға \$34 121-дан келеді. Жердің табиғи байлығы өте жақсы сақталған. Елде тек туризм саласында 18 000-ға жуық мекеме жұмыс істейді. Жыл сайын Жаңа Зеландияға кемінде 2 млн турист келіп, мемлекетке жалпы ішкі өнімінің 10%-ын құрайтын табыс әкеледі.



ОҚЫЛЫМ



Канада жер көлемі бойынша
Ресейден кейінгі екінші орында.
Экономикасы өте жақсы дамыған.
Жалпы ішкі өнімі әрбір азаматқа
\$51147-дан келеді. Мемлекетте
медицина қызметі тегін.



ОҚЫЛЫМ



Германия – Еуропа Одағындағы ең дамыған мемлекет. Немістер сыртқы нарыққа электр техникалары мен транспорт түрлерін көп шығарады. Үкімет мануфактурасы мен өндіріс орындары жылдан жылға өркендеуде. Жалпы ішкі өнімі – \$3.5 млрд. Яғни әр адамға \$40 631-дан келеді деген сөз.



Германияда кедейлік деңгейі төмен болғанымен, жұмыссыздық индексі – 7%



ҮЙ ЖҰМЫСЫ



***Қалай ойлайсыз?
Әлемдік экономиканың
дамуына қандай
факторлар әсер етеді?***

